



Hacettepe Üniversitesi Atatürk İlkeleri ve İnkılap Tarihi Enstitüsü

«8D02206 –Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шашаева Малика Ауезханқызының «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

ШІКІРІ

Шашаева Малика Ауезханқызының диссертациялық жұмысында XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы тарихи тұрғыдан талдауға арналған.

Кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы көрсеткіші ретінде оның қоғамдағы әйелдің жағдайына қаншалықты әсер ете алғанымен өлшенетін. Бұл әсіресе Қазақстанда ерекше мәнге ие болды, өйткені бұл жерде әйелді ерекше-бағыныштылықта ұстаудың ескі дәстүрі мен оны азат етудің жаңа жолы саясаты арасындағы қақтығыстың өршуінен көрініс тапты.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы анықталған: бұл үшін зерттеудің әдіс-тәсілдері мен оның негізгі бағыттары нақтыланып, қазақ әйелдері мәселесінің тарихнамалық талдануы мен зерттеу жұмысының деректік негіздері алғаш рет кешенді зерттеу көзіне айналғанын бірінші тараудың алғашқы бөлімінде баяндаған. Сонымен қатар, диссертант XX ғасырдың 20-30 жж. Кеңестік Қазақстандағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің қазақ әйелдеріне ықпалын айқындауға қол жеткізе алған. Ол бірінші тараудың бөлімдеріндегі: мерзімдік баспасөздердегі қазақ әйелдері мәселесінің қоғамда жариялануы мен талдануы, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ әйелдерінің мәдениет саласындағы белсенділігі және Кеңестік Қазақстанның ішкі саясатындағы әлеуметтік бағдарламалардың әйелдер жағдайына әсері деңгейі нақтылануы арқылы айқындалған.

Ал, келесі тараулар мен тараушаларда: Кеңес өкіметінің саяси және экономикалық жаңғырулары кезіндегі әйелдер мәселесінің трансформациясындағы өзгерістер айқындалған. Жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру мен ашаршылық кезіндегі әйелдер тағдыры, Қазақстандағы өнеркәсіптік ауыр жұмыстарға әйелдердің тартылуы және саяси қуғын-сүргіннің Қазақстандағы әйелдер тағдырына тигізген салдары диссертацияда архив деректері арқылы шынайы баяндалған.

Зерттеу барысында: Ресей федерациясының мемлекеттің архивінің (ГАРФ), РМКФФМА қоры, Қазақстан Республикасының Президенті

мұрағатының бірнеше қорларында: 139 қор - (РК(б)П-ның Қырғыз (қазақ) комитеті, Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті), 140 қор - (РК(б)П Қырғыз (қазақ) өлкесінің облыстық партия бюросы), 141 қор - (РК(б)П-ның Қазақ өлкелік партия комитеті) құжаттары, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қорларында жұмыс жасалып, Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Қызылорда облысы мемлекеттік архивінің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының қорларынан Малика Ауезханқызы аса құнды деректік мәліметтерді алып, диссертациясында тиімді пайдалана алған.

Диссертацияның әдістемелік бағыты мен ұстанымы анықталып, зерттеу пәні, хронологиялық шеңбері, тарихнамалық және деректік талдануы, негізгі жасалатын тұжырымдары негізделіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне орай мазмұны логикалық байланыс аясында ашылған. Нақты қортындылар жасалған.

Жалпы алғанда диссертант алға қойған мақсаттарын толық жүзеге асыра алған, қорғау жұмыстарына қойылатын талаптарға сәйкес келетін зерттеу жұмысы ретінде: «8D02206 – Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша - Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Шашаева Малика Ауезханқызының «XX ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстандағы кеңестік қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясы және әйелдердің жағдайы» деп аталатын диссертациясын қорғауға жіберуге болады деп қорытуға болады.

Философия докторы (PhD), профессор Йылдырым С. (Түркия).

09.12.2024

